

**8D10111- «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы
бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алу үшін ұсынылған
«Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың
репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық
қырлары**

**(Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы
Рыскелдиева Кенжегүл Жанысбаевнаның
диссертациялық жұмысына**

ҒЫЛЫМИ КЕҢЕСШІНІҢ ПІКІРІ

Соңғы он жылдықтағы мәліметтер бойынша жасөспірім қыздардың арасында денсаулық көрсеткішінің айқын бұзылысы мен репродуктивті денсаулықтың төмендегені байқалды (2020ж.). Жасөспірім қыздарда гинекологиялық аурулардың кездесуі 20%-дан 48% дейін жоғарылаған. Ресейде соңғы 5 жылда жасөспірімдер арасында гинекологиялық аурулардың жиілігі 50%-ға жоғарылаған және бұлардың жартысынан көбінде репродуктивтік қызметтің бұзылысына әкелетін созылмалы аурулар болып табылады (2021ж.). ТМД елдерінде соңғы 5 жылда жасөспірім қыздарда соматикалық патологияның өсуі 30,6% болса, гинекологиялық аурулар 19.9%-дан 27,5% дейін жоғарылаған (2020ж.). Жасөспірімдерде кездескен соматикалық және гинекологиялық патологиялардың барлығы репродуктивтік қызметтің бұзылысына әкелетіні анық. Осы орайда жасөспірімдердің репродуктивті денсаулығын сақтау ең маңызды мәселе.

Докторант К.Ж. Рыскелдиева Түркістан облысында өмір сүретін жасөспірім қыздардың аурушандылық көрсеткіштері деңгейіне салыстырмалы талдау жүргізді және аурушандылықтың көпжылдық динамикасынан алынған деректер негізінде (2017-2021ж) жасөспірім қыздарда репродуктивтік жүйенің қызметтік бұзылысына талдау жасады. Сонымен бірге, Түркістан облысының экологиясы қолайсыз аймақ нысандарының санитарлық – гигиеналық сипаттамасын бере отырып, осы аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивті қызметінің бұзылыстарын динамикалық тұрғыда бағалады.

Жүргізілген статистикалық сынақтар мен регрессиялық сараптаулар арқылы осы жұмыста тұжырымдалған зерттеу гипотезалары дәлелденді. Шынында да, жасөспірім қыздардың репродуктивті денсаулығының бұзылу дәрежесі медициналық-әлеуметтік сипаттағы ауыр салдарларға байланысты болады. Сондықтан, жасөспірім қыздар арасында медициналық ағарту жұмыстарын және білімін жетілдіру шараларын белсенді ұйымдастыру керек.

К.Ж. Рыскелдиеваның диссертация тақырыбы бойынша 8 ғылыми жұмыс басылымға шықты, оның ішінде 4 - Қазақстан Республикасының Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған журналдарда жарияланған мақалалар, 1 - Web of Science және Scopus халықаралық ақпараттық ресурстарында индекстелген шетелдік рецензияланатын журналдарда жарияланған мақала (Scopus CiteScore 2022-5,4, процентиль - 84) және 3-халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференциялардағы материалдарында жарияланды.

Докторанттың ғылыми жұмысы қазіргі қоғамдық денсаулық сақтау саласындағы ғылыми бағдарламалардың сұраныстарына толық сәйкес келеді, ғылыми ақпаратты жеткілікті, толық аяқталған зерттеу жұмысы болып табылатындықтан, «Экологиясы қолайсыз аймақта тұратын жасөспірім қыздардың репродуктивтік денсаулығын жақсартудың әлеуметтік-медициналық қырлары (Түркістан облысы мысалында)» тақырыбындағы Рыскелдиева Кенжегүл Жанысбаевнаның диссертациялық жұмысы 8D10111- «Қоғамдық денсаулық сақтау» білім беру бағдарламасы бойынша (PhD) философия докторы дәрежесін алуға лайық деп бағаланады.

Ғылыми кеңесші,

Қожа Ахмет Ясауи атындағы

Халықаралық қазақ-түрік университетінің

Педиатрия факультетінің аға оқытушысы,

PhD

АХМЕТ ЯСАУИ УНИВЕРСИТЕТІНІҢ
ШЫМКЕНТ КАМПУСЫ
ҚАБЫЛДАУ БӨЛІМІ
РАСТАЙМЫН



СА Туктибаева